

АНАТПОД

Анасторий
Таңбай

1990 жылды
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Мыңжылдықтар шырақшысы



Ықылымдардың, есте жоқ ерте дәуірлердің тылсым жұмбағын, құмығынқы дауысын, жаңғырығын, сырын мейір-ілтипатпен, кең өрісті тұнғынық терең білімдарлықпен үздік деректермен дәйектеп, түбекейлі түсіндірген, көне қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерін, космогониялық, геометриялық, зооморфтық, өсімдік түрпаттас ою-өрнектердің яки халықтың көркемдік-фәлсафалық дәстүрлеріш, металл қорыту тәсілдері мен өрнектеу өнерін, қазактың әпикалық аңыздарының тарихи негіздерін сарапаған қайсар рухты көріпкел, көреген оқымысты академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді.

Жер-жиһанға мәшіүр ғұлама 1960 жылы Мәскеуде дүниежүзілік шығыстанушылардың XXV конгресінде «Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі ескерткіштері», 1967 жылы АҚШ-тың Чикаго қаласында Шығыстану зерттеушілерінің XXVII конгресінде «Қазақстанның ислам діні туғанға дейін архитектурасы», 1964 жылы археологтар мен этнографтардың Халықаралық VIII Конгресінде «Қазақтың киіз үйі және оның құрал-жабдықтары», 1968 жылы Токио қаласында антропологиялық және этнографиялық ғылымдардың VIII Конгресінде «Қазақтың зергерлік өнері», 1970 жылы Турцияның Анкара қаласында Түркі мемлекеттерінің тарихын зерттеушілердің Конгресінде «Қорқыт Ата жайындағы қазақ аңыздары» деген тақырыптарда мазмұнды баяндамалар жасап, қазақ елінің абырайын асқақтатты.

Біртуар тұлғаның ғылыми-әдеби, мәдени шығармашылығын байыптасақ, ол – Аттилатанушы, Қорқыттанушы, Эпостанушы, Тұлғатанушы, Абайтанушы, жыраулық, сал-серілік, саятшылық, құсбегілік өнердің білгірі, ұлт фольклоры үлгілерінің жинаушысы, аудармашы, Шоқантанушы, Манастанушы, қазақ археологиясының атасы, Ұлы даланың тілеуқоры һәм тамыршысы, танытқышы.

Бұл орайда батыр Бауыржанның «Сізді Құдай ғылым үшін жаратқан» «Сіздің енбектеріңіз тарихи мөлшерде кең өрісті» (27.06.1964 жыл), Шапық Шокиннің «Тұтас бір ғылыми мектептің негізін қалаған», ұлт

қайраткері Илияс Омаровтың «Сіз әрбір сапардан қайтқанда халыққа, тарихқа сәлемдеме ретінде көптеген бағалы ғылыми деректер алдып қайтасыз» (10.06.1964 жыл), кеменгер тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Советтер елінің қай архивіне барсам да, менің алдыымда Марғұлан болып кеткенін көремін» деулері Ә.Марғұланның жанкешті қаһармандық еңбегіне, арлы, намысты болмысына, ұлтқа деген ардақты қызметіне бағыштаған қымбат сипаттамалар.

Академик Ә.Х.Марғұланның шығармашылық өмірбаянынан сыр толғап, ұлы кісінің өмір жолынан деректерді сөйлетеңіл. Шілдертіде 1910–1915 жылдарда әкесінің туысқандары ұйымдастырган ауыл мектебінде оқып, араб тілін жетік менгерген, Орта Азия, қыпшақ, шағатай әдебиеті мен қазақ фольклорынан толық білім алған, Қисық тауының басына шығып, Абай өлеңдерін жаттаған. Қоянды жәрменкесінен сатып алынған, Қазанда шыққан кітаптарды ықыласпен зердесіне тоқыған. 1916 жылы бір тау-кен инженеріне ілесіп, Екатеринбург қаласына орыс мектебінде оку үшін әрі Ірбіт темір жолы құрылышына жұмыс істеу үшін келгенімен, империалистік соғыс өртінің тұтануына байланысты елге оралады. 1917–1919 жылдарда ауылында жекеменшік орыс мектебі ашылса да, бастауыш білім ала алмайды. 1919 жылы Павлоларда З айлық педагогикалық курста оқып, 1921 жылы қыс айларында ауылда ұстаздық етеді. 1921–1925 жылдарда Семей халық ағарту мектебінде (педтехникумда) оқиды. Оған Мұхтар Әуезов әдебиеттен дәріс оқыған, достасады, бір үйде бірге тұрады. «Тан» журналы мен «Қазақ тілі» газетіне (редакторы Жұсіпбек Аймауытов) мақалалар жариялады.

Мұхтар Әуезовтің кеңесімен 1925 жылды Ленинградтағы Герцен атындағы педагогика институтында тыңдаушы, 1926 жылды Шығыстану институты мен Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінде, Өнер тарихы институтында студент атанады, көкірек кеңішін байытады.

Ә.Х.Марғұланның жазуынша, Орта Азияның тарихы мен археологиясынан академик В.В.Бартольд, үнді фольклоры мен өнерінен академик С.Ф.Ольденбург, арабтанудан академик Ю.Н.Крачковский, Орта Азия әдебиеті мен жазу тарихынан академик А.Н.Самойлович, иран әдебиетінен Е.Э.Бертельс, сондай-ақ академиктер Б.Я.Владимирцев, Н.Я.Марр, И.И.Мещанинов, В.В.Струве, В.Л.Щерба, А.Р.Якубовский, А.С.Пушкин және М.Ю.Лермонтов поэзиясы бойынша профессор Сиповский, Б.В.Томашевский, Б.М.Эйхенбаум, Оксман, В.Шкловский, Баклановтар терең біліммен сусындалады. «Біздер 2-курстың өзінде ғалым екенімізді сезіндік» деп жазады.

Ол 1931–1934 жылдарда Мемлекеттік Академияның материалдық мәдениет тарихы институтында аспирантурада оқыған. Себепкер – ұстазы академик В.В.Бартольд көрінеді. Сол бір ғылым қуған жылдардағы Ә.Х.Марғұланның интеллектуалдық әлеуетінің қандай екендігіне мына бір мысалды ортаға салайық: «I Петр патшаның 1718 жылды Тәуке ханға баратын елшілігі» дейтін тақырыпта В.В.Бартольдқа аспиранттық емтихан тапсырыған. Мұның алдында Ә.Х.Марғұлан оған Шәкәрімнің шежіресін орысшаға аударып берген-ді.

Ә.Х.Марғұлан аспирантурада А.Н.Бернштам, С.П.Толстов, К.В. Сальниковтармен бірге оқыған. 1926–1928 жылдарда СССР FA-ның Қазақстан мен Алтайдың этнографиялық экспедицияларында практикант әрі ғылыми қызметкер ретінде қатынасқан. Сонымен қатар академик А.Б.Ферсманның ұйымдастыруымен құрылған СССР FA қазақстандық комиссиясының құрамында болған. Және де А.Ю.Якубовский мен С.Ф.Ольденбургтің ұйымдастыруымен Шығыс Түркістанға, 1931–1932 жылдарда С.И.Руденко мен А.А.Миллердің жетекшілігімен, 1932 жылы Н.И.Репников бастасымен Ладога көліне баруға өзірленген. 1932–1935 жылдарда Шығыстану институтында көне түркі және қазақ тілінен сабактар жүргізген.

Академик Шапық Шокиннің жазуынша, Ә.Х.Марғұлан 1930 жылы Орта Азия университетінде қызмет еткен. 1933 жылдан бастап РСФСР Халық Комиссариатының қаулысымен (1937 жылғы 11 желтоқсан, №777) Мемлекеттік географиялық қоғамның толық мүшелігіне қабылданған. 1936–1938 жылдары СССР FA Мәскеудегі тарихи деректер зерттеу институтында кандидаттық диссертация жазады. 1938 жылы СССР FA Президиумы қазақстандық филиалға аға ғылыми қызметкер ретінде жолдама береді.

Ә.Х.Марғұлан әлемге әйгілі ғұламалар шоғырланған, кітапханалары, музейлері бай шаһарда 1925 жылдан бастап 1938 жылға дейін мағыналы ғұмыр кешеді. Кеменгерлік асыл кеңестерін, ой толғауларын, ұлы идеяларын, майталмандардың даналықты тәжірибелерін болмысына сініреді. «Бір ақылды адаммен сөйлесу – бір айлық кітап оқуға тұрарлық» дейтін қытай қағидаты бар. Әңгімешіл Әлекең айтатын-ды: Бірде 1933 жылы С.Ф.Ольденбургтің 70 жылдығына орай ғылыми конференция болған-ды. Бұған оншақты француздың жүйрік ойшыл ғалымдары қатынасты. Сонда А.В.Луначарский академик С.Ф.Ольденбургтің шығармашылық ғылыми өмірбаяны жайында француз тілінде бір сағаттай шабыттанып, жосылта сөйледі. «Шынайы шешендік осы екен ғой» деп тамсандық.

Құйынды ақын В.Маяковскийді әлденеше рет елтіп тыңдадым. Ол:

Петроградские дамы,

Вы меня не узнаете

Я Вам не Пушкин – деп, асқақтап сөйлейтін.

Сұлтанмахмұтты жалынды, өткір, лапылдаған от секілді дейтін. Екеуара шер тарқатып, арғы-бергіні қопарып әңгімелескен едік. Мәшін Жұсіпке отыз шақты хат жазғанмын, ол жарықтықты «Молдеке» деп атайдынын.

Ұлт абызы, ойшыл Әлкей Хақанұлымен терренкурда әлденеше рет сұхбатасып, кейде ғасыр ғұламаларының өмірінен сыр шертуші еді. Табиғаты, міnezі, пейілі оғаш пікірден мінсіз періштедей таза, әдепті, сұнкардай сақ, мәдениетті, текті, терең жаратылған жан еді. Сталиндік құғын-сүргіннің зымияндық зұлымдығын көрсе де, тіс жармаушы еді. Мен де ол кезде бейхабармын. Тып-тыныш өзен жағасында аяңдал келе жатқанда, сәл-пәл аялдал, ешкім жоқ болса да, жан-жағына сүзіле қарап, «Мағжан

түптің түбінде ақталады, жазу өнерінің шыңына шыққан жампоз, қолтаңбасы да аса көркем еді» деді де, әңгімесін басқа жаққа аударды...

Ұлы жұртыймыз тәуелсіздікке қолы жетті. Алаш арыстарының мұрасы ұлт иғілігіне асты.

Бүгінгі таңда Мағжан Жұмабайұлы пен Әлкей Марғұланның қарым-қатынасы қаншалықты дәрежеде болғаны беймәлім. 2018 жылы Мағжан Жұмабаев әнциклопедиясында (бас редакторы – Жарасбай Сүлейменов) М.Жұмабайев абақтыға қамалғанда Ә.Марғұлан оған тамақ жеткізіп, сонымен қатар ақынның жары Зылиқаға да жәрдемдескен. Ұлы ақын екінші рет ұсталғанда: «Маган досым әрі жанашырым Әлкей Марғұлан келіп тұрды», ол «шизофрениямен ауырып, психологиялық ауруханаға түскенін» тергеушілерге айтады. 1937 жылғы тергеу істерінде Марғұланды «өлді» деп жазғызған. (315-бет)

Осы бір дерек-мәліметті әрі қарай тереңдетіп, түсіндіру үшін Мағжанмен медреседе сабактас, араб, орыс, татар тілдеріне жүйрік, өнерге де бейім (гармон тартуға) Жұмабаева Зылиқаның (1894–1989) хаттарына үңілейік, жан сырларына ортақтасайық:

№ 1

«Сәлем хат»

Құрметті інім! Бүгінгі күн сізге арнап осы хатты жазып отырмын. Таяуда Қызылжар қаласына бір жақыныңың үйіне барып, сол үйде «Қазақ әдебиеті» газетінің подшипкасынан 1958 жылы сіздің академик болғаныңызды және тірі екеніңізді біліп, қуанышым қойныма сыймады.

Құрметті інім! Бақытыңың ашылғанына қуанғаным сондай, сенің жас күніндегі азапты күндерін есіме түсіп бір жылап алдым. Міне, алдымда...

Қара теңіздің жағасында отырып түскен суретіңіз жатыр. Жылжыған өмірдей толқыған Қара теңіздің асау тасқындары сендердің отырған тастарынды келіп ұрып жатыр. Сен дамылсыз зырлап бара жатқан өмірдің артынан көз жібергендей, болашаққа өкінгендей алдыңа қарап отырсын. Сені бір көруге ынтызармын. Бірақ, оған мұршам да жоқ... Жоқ. Қош, сау бол.

Бажекенің «Ботакөзі» – әйелі Зылиқа ханым.

Адресім: Северо-Казахстанская обл, Конюховский район, ст.Кара-Гуга, ул.Карла Маркса, 11. Жумабаевой Зулейха».

19.06.59

№2

«Құрметті Әлкей!

Жазған хатыңызды алдым. Бұл күнде заман өзгерді. Адамға адамның көзқарасы да мұлдем өзгерді. Сондықтан «хатыма жауап келер» деп ойлаған жоқ едім. Ал сіздің бір жапырақ хатыңызды алғанымда көзімнен төгілген моншақ жасқа ие бола алмадым. Бірақ бұл менің бірінші жылауым емес қой. Сонау шалғайда қалған күндерде өзінмен бірге жылағанмын, әлі де жылаудамын. Жылап-жылап көз жасым да құрыды. Жасты сүртетін ... орамалдар да

шіріді. Амал қанша, тағдырдың ісі солай. Біреу мәнгі жыласа, біреулер жартылай жылайды.

Қазір сіздің академик болып, бақытты тұрмысқа ие болғаныңызды газет бетінен көріп шексіз қуанамын...

...Әйелім мен қызым көмектеседі деп жазыпсыз. Ол өте жақсы. Маған көмектесетін адам түгіл албасты да жоқ. Жынынан айырылған бақсыдай сарнап жалғыз қалдым. Осы күнде сіздің баяғыдағы Ленинградта сырқат болып жатқан күндеріңіз де есіме түседі. Туған бауырымдай көріп, сонда күнара сізге барып тұруши едім. Енді мен сияқты құніренген, қуарған кемпірге... «қалыңыз қалай?» деп ешкім назарын аудармайды. Алайда сіздің бақытыңызға бақыт жамала берсе еken деп тілеудемін. Хатыңыздың аяғында уақытты көнілмен қуанышты өткізуге тілектеспін депсіз. Бірақ сол қуаныш қайдан келер еken деп зарығып күткеніме жыл өтті. Әлі көрінбейді.

Қош, сау болыңыз! Сәлеммен Зылика.

Ескерту: Сіздің профессор Форелдің атындағы ауруханада жатқандағы анықтамаңыз менде жатыр. Егер менен қорықсаның, хатты Жалтыров Сабыркейдің атына жазыңыз. Бірақ менен қорқатын ешнэрсе жоқ. Жазалы кісі өз жазасын алып кеткен.

Келіннің аты кім, қызыңың аты кім? Оны неге хабарламағансың?

Адрес: Северо-Казахстанская обл., Конюховский район, ст.Кара-Гуга, ул.Карла Маркса, 11. Жалтырову С.

№3

«Здравствуй, Алкей!

Ты помнишь, Алкей, когда ты находился в тюрьме в Ленинграде, Магжан из лагеря писал письмо (1934 г.) мне, где он говорил, чтобы во чтобы-то не было я помогла тебе, что ты являешься его хорошим другом. После этого слова Магжана я несмотря на все предположимое ужасы со стороны НКВД, не боясь всякой напасти со стороны НКВД в дни его свирепствования, ходила к тебе, не раз передало передачу с бельем, твоя родная тетя, когда ты вышел из тюрьмы, то ходила к тете в общежитие, также с передачей. Через некоторое время ты попал в больницу, Туда попал потому что после смерти Кирова и после твоего выхода из тюрьмы тебе все время мерещились призрак из НКВД – красnochапошники. Тебе казалось, что она всюду преследовали за тобою, по этому ты хотел зарезаться и попал в больницу. Оттуда тебе отправили в сумасшедший дом Фореля, где тебе стало еще хуже. Это было 7.VIII.34 г. При всех этих для тебя несчастных и неприятных обстоятельствах я вопреки всей ужасам ходила к тебе и носила передача. Не раз я видела как твои «Коллеги» по сумасшедшему дому дрались и ругались, были волком, ревели львами, пищали змеями. Несмотря на все эти ужасы я часто ходила к тебе. Ходила не потому что, что ты мне родная, а просто человек – казах, страдающий в дали от родины. После этого ты приехал к нам в Петропавловск. Мы с Магжаном встретили дорогого гостя, ты находился у нас довольно порядочное время. Потом ты съездил в

Караганду, откуда скоро вернулся и побыв у нас несколько дней, поехал к себе на родину – в Баян-аул, и через бессследно...

Но теперь?.. Теперь ты Великий Человек, Академик!». 1959 жыл. (ҚР Мемлекеттік архиві, Қор 2415, Тізбе 1. Іс 586).

Мағжан мен Марғұланның қасіретті тағдыры, зобалаң заманының сүмдүк-сүркіялылығы бұл хаттарда айқын көрініп тапқан.

Әлкей Марғұланның «Ілияс Жансұгіров туралы ойда қалғандарым» дейтін естелігін филология ғылыминың докторы, жазушы Мырзабек Дүйсенов (1928–1988) жазып алған. **Әлкей Марғұлан: «Ілияспен көп әңгімелестім.**

Ат, бәйге ат, тұлпар туралы сөз еттік. Өзі де оны жақсы білетін кісі еді. Эр жерде жүреді деді ме, менен де біраз жайларды сұрады. Құлагер атты, Ақанының жайын зерттеп жүр екен. Жер аттарын, оқиғаның жайын, Құлагерді кім, қалай өлтіргенін, бәрін айттым. Ақанының далада өліп жатқан Құлагер аттың қасында, тұлпардың тұмсығын іскеп жылап отырғанын орыстың саяхатшысы Львович деген кісінің суретке түсіргенін айтқанымда, Илияс «шіркін-ай!» деп сүйсінп отырды.

Құлагер тарихынан басқа 1865 жылғы Мұсаның асындағы Саурықтың Құлабестісі алпыс аттың алдында дара келген. Оны да сипаттап айттып бердім. Қазақта бәйге-тұлпар аттың көп шығатын жері қайсы дегенде, – Сарысу, Ақтау, Қуандық, Қарқаралы, Баянауыл, – дедім. Олардың аттары сом етті, мойыны ұзын, кеудесі алаңқы келетінін айттым. Ал Маңғыстау аттары көбіне әскери аттар, тұқымы басқарап.

Тұлпар атының қайдан келгенін «Дала уалаяты» газетінен оқып көр деп айттым». (М.Дүйсенов. Илияс Жансұгіров. – Алматы, «Ғылым», 1965. 211-бет.).

1981 жылдың 2 қазанында Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығына орай Алматыда өткен Бұқілодақтық ғылыми-теориялық конференцияға Башқұртстаннан келген профессор Р.Г.Кузев академик Әлкей Марғұланға Мағжан Жұмабайұлының «Фалия» медресесінде бірге оқыған курстасы, башқұрт халық ақыны Сәйфи Құдаштың «Ардақты Әлкей-жан!» деп басталатын өлеңмен жазған хаты мен бір банка балды табыс еткенді.

Сәйфи Құдаштың хатын толғаныспен оқыған Әлекен:

– Қарт ақынның бұл хаты мен балын туысқандық пен достықтың рәмізі деп түсінуіміз керек, – деді.

Әлекен мен Сәйфи Құдаштың өзара хат жазысқанына 30 жылдай уақыт өткен екен.

1950 жылы Әлекен Уфа қаласына Шоқан Уәлихановтың Башқұрт халқының тарихы мен мәдениеті жөніндегі ғылыми еңбектерінің қолжазбасын іздеуге барғанда Сәйфи Құдашпен талай рет кездесіп тұрған. Сонда Сәйфи Құдаш Әлекене «Айқап» журналының шығарушысы Мұхаметжан Сералин мен қаламгерлер Спандияр Көбеев, Бейімбет Майлин және татар жазушысы Галымжан Ибрагимовтің шығармашылығы хақында баяндаған.

Сәйфи Құдаштың Әлекене жазған хаты мынадай:

Бал жібердім саған, Әлкей,

Балдан тәтті тілекпенен.
Тұысқаным – қазағымды,
Сүйген абзал жүрекпенен.
Шай ішкейсің бал қосып бір,
Терлеп қана, дәмдеп қана
Тұысқандық, һәм достықтың,
Қасиетін сәндеп қана.

Сәйфи Құдаш. 25 сенбярь, 1981 жыл. Уфа.

– Жақсы еңбек жасаған дұрыс, жарқын ойлар кестесін құраған жөн. Халықта, ғылым да, өзің де риза боласың. Мәселен, Ақан серінің Шоқанды жоқтауында «40 темірдің қылауын қосқан» өнерпаз жеті жүрттың тіліне, жеті өнердің сырына жетік Шоқанның қолынан алтын шыққан. Білімің о да халықтың бөлінбес бір бөлшегі ғой, ең алдымен, кіслік шынайы ғалымға тән қасиет. Ол мейлінше мәдениетті, жүргегі, жаны таза, өзі әділ, өзі турашыл, халық мұддесін жоғары қоятын жан болуы керек. Ғылым шырағын қолыңа ұстaugа белді бекем бусаң, бар ойың оқу-білімге аусын, жаратылыстың құпия жұмбағын ашуға қажыр-қайратынды, намыс-жігерінді сарқа пайдалан. Өз басыма келетін болсам, білім алуды ең алғаш Ленинградтан бастадым. Оған дейін Семейде география қоғамының кітапханасында жақсы еңбектендім. Ол жерде ойға шомып, өнер кеңістігінде, білім теңізінде жүзіп, М.Әуезов отыратын еді. Жан-жақты білім алу үшін тіл білу керек, Тіл білсең әр елдің, әр дәуірдің сырына, шежіресіне, тарихына молынан қанығасың. Небір таңғажайып құбылыстарға жолығасың, сұлулық дүниесіне енесің. Сөйтіп, сен өнер биігіне, ғылымның мұзарт шындарына өрмелейсің. Адамға білімнің көптігі жоқ. «Жігітке жеті өнер де аз» деп халық шын айтады. Айтальық, атақты геолог Қ.Сәтпаев Томск политехникалық институтында оқып жүрген кезінде «Шығыс әдебиеті» дейтін үйірмеде баяндама жасап, белсене қатысады, – деп Әлекен сыр толғаушы еді.

Академик Ә.Х.Марғұлан мыңжылдықтардың айнасындағы, айғағындағы «Орталық Қазақстандағы Бегазы – Дәндібай мәдениеті» атты қабырғалы зерттеуінде (1979) екінші мың жылдықтың соңы мен бірінші мыңжылдықтың басындағы Ұлы дала тайпаларының шомбал тастардан құрастырылған дөңгелек қоршауларын, көне қоныс-тұрактарын, жерлеу кешендерін, ғұрыптық орындарын, тас мұсіндерін, жартас пен үңгірдегі суреттерін, ғибадатханаларын, тау-кен ошақтарын, қыстақтарын (халық тілінде «Ески қыстау – елдің құты» дейтін қағидат бар), суару жүйелерін, өндірістік құрылыстарын, тас қашайтын орындарын, қолөнер шеберханаларын, тоспа-бөгеттерін, сол бір тарихи-мәдени дәуірдің ою-өрнек өнерін археология, этнография, өнертану, тарихи-геологиялық, физикалық-географиялық, гармониялық, бейнелеушілік зандылықтар тұрғысынан байсалдылықпен, терендікпен, патриоттық рухпен зерделенген. Даналықтың сыр сандығындағы ғұлама тарихи-методологиялық әдістер мен жүйелерді ең басты ұстаным еткен. Ол Орта Азияның көне тарихының білгірі В.В.Бартольдтың Сырдария бойы мен Қаратая арасындағы кеңістік мәдениеттің гүлденіп-көркейген ошағы дейтін жанды, тиянақты тұжырымын мойындаған да, әрі қарай I

Петрдің Ф.Скибин мен М.Трошинді Тобольскіден Солтүстік және Орталық Қазақстан арқылы Туркістанға Тәуке ханға жұмсаған.

Ұлы дала төсіндегі қазыналы қорғандар жайында XVII ғасырда поляк қайраткері Юрий Крижанич мәлімдеген. Оның айтудынша, көне заманғы жүрттардың қазына-байлықтың көзі іспетті некропольдарды саудагерлерді қопарып-ұрлап, олжаларын Тобольскіде сатқан.

Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның археологиясы мен этнографиясы жөніндегі мәліметтерді жинақтаған швед білімпазы Ф.Страленберг (1676–1747 жж.) еken. Академик Э.Х.Марғұланның жазудынша, ол 1711 жылы Тобольскіге келген. 12 жыл бойы жергілікті халықтың географиясымен, тарихымен, этнографикасымен айналысқан. Ол керемет суретші болған. Бірқатар археологиялық нысандарды, бағзыдағы тас құрылыштарды, кеніштерді, тас бәдіздегі, жартастағы суреттер мен жазуларды қағазға түсірген. Ол Есілдің жоғарғы жағы мен Тобыл арасындағы (накты айтқанда Ұлытау мен Торғай даласы арасындағы) ғажайып жәдігерлерді өзге жерлерде табу мүмкін емес деп ескерткен.

Академик Элкей Марғұлан және Серік Негімов (16.11.1975)

Хан заманында Орталық Қазақстан территориясындағы орасан бай толық қалпында сақталған ескерткіштерге (мыс балқытатын пештерге, тастан өрілген құрылыштарға) Г.Ф.Миллер ерекше ықылас аударған.

Сонан соң XVIII ғасырдың екінші жартысында екінші академиялық экспедицияның қызметкерлері И.П.Фальк, Х.Барданес, И.Г.Георги, П.С.Паллас, П.И.Рычков және т.с.с. Сондай-ақ офицер-саяхатшылардың Волошанин, Н.Рычков, И.Андреев, Безносиков, Алтайдағы Колыван зауытының қызметкерлері Бурнашов, Снегиров, Поспелов және басқалардың жазбаларында деректер көлтірілген. Осынау даңқты аймақтың археологиясы хақында қызықты мағлұматтарды Гавердовский, Г.Гене, Б.Ф.Герман, И.П.Шангин, Г.И.Спасский, И.Н.Потанин, Х.Моррен, Г.Розе, В.Ледебург, Гельмерсон ұсынады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қола дәуіріндегі қорғандар мен қорымдар, ғұрыптық жерлеу кешендері, ел көсеміне арнайы түрғызылған обалар жыртқыштықпен тоналған. Олар саудагерлер, өндірісшілер, патша шенеуніктері мен офицерлері. Алтын мен күмістен жасалған бұйымдар жекелеген дүниеконыздардың қолында кетті.

Ал кейбіреулерін, әсіресе, Қарқаралы мен Кенттің таулы аймақтарындағы көне заманың көзіндегі тас қорғандардан табылған металлдан құйылған заттарын Румянцев музейіне білімдар С.Б.Броневский өткізіп отырған.

Шенеунік Даңғыл мен Қарқаралы округтік приказының хатшысы А.И.Бахиров те жанашырлықпен қызыға айналысқан-ды. Сол дәуірде бұл қорғандар бүтін сақталған. Интеллектуалдық дәрежесі жоғары Даңғыл мен Бахиревтің, Фроловтың ыждағаттылығымен қорғандардан табылған мыс құралдар (балта, қайла, қанжар, пышак дегендегі) 1868 жылы қазақ жеріне ұлы кінәз Владимир Александровичтің келу құрметіне орай көрмеге қойылған. Әсіресе, Бегазы –

Дәндібай мәдениетінің жаунарлары көрермендердің көңілін тербеткен. Экспонаттарды Петербург университетінің профессоры Ф.К.Кесслер мен Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.П.Буланже фотоға түсірген. Қола дәуірінің қымбат мұліктерін А.И.Шренк жинақтаған. Ол 1840–1843 жылдарда Орталық Қазақстанды барынша шарлаған, яғни Қызылжардан бастап Шудың төменгі сағасына дейін. Ол өзінің коллекциясының мұқабасына бұл асыл бұйымдар Орталық Қазақстанға тиесілі деп жазған-ды. Академик Ә.Х.Марғұланның жазуынша, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өлкетанушалар, көрнекті оқымыстылар Н.М.Ядринцев, Г.Н.Потанин, С.Н.Гуляев, В.В.Радлов, Н.Я.Коншин археологиялық ескерткіштер туралы есеп-қисап жүргізіп, мәліметтер қалдырыды. Орталық Қазақстанның археологиясын зерттеуде геологтар мен жаратылыстанушылар П.Л.Драверт, Қ.И.Сәтбаев, В.А.Селевин, А.В.Мухля, А.Н.Формозов, Ю.А.Орлов, Г.Н.Щерба өлшеусіз үлес қосқан.

Қола дәуірінде Орталық Қазақстанның байырғы қоныстанушылары өзен бойларында, тау беткейлерінде, сулы, шалғынды өңірлерді тандап, жайлап, бақташылықпен, отырықшылықпен түбегейлі шүғылданды. Сонымен қатар руда өндіріп, тас құралдар (қайла, балға, қалып, темір бұйымдар, уатқыштар, опырғыштар, қашаулар, бұрағыштар, бұрғылар, кескіштер, қырғыштар, қол шапқылар) жасап, яғни өндіу техникасы жетіліп, металл балқыту және оны әшекейлеу өнерімен айналысты. Су көздерін ұтымды пайдаланып (қар суы мен жаңбыр суын), тоған, жайылма, көлтабан жасады. Бұл орайда археолог Ә.Х.Марғұлан әулие Қызылтаудағы Қорғантас, Алтын-Қазғандағы, Тұндіктегі, Керегетастағы, Жетім-Шоқыдағы, Қушоқыдағы, Алтынсудағы, Сорқұдықтағы, Милықұдықтағы ғаламат плотиналарды тізіп атайды, әрқайсысына дәйекті сипаттама береді. Сол заман бейнетқорларының көптеген құдық қазу жұмыстарын жүйелі жүргізгенін байыптайды.

Көне жұрттар су мен отын қоры мол бай өңірді білгірлікпен танып, қыстаулаresын ықтасынға жайғастырды әрі желдің бағытын да ескерді. «Ески қыстау – елдің құты» екендігін ғасырлар тұнғиығында көреген түйсікпен түсінген-ді. Бабаларымыздың «қотанға» соншалықты терең мән беруі де қола дәуірінде-ақ мәлім болған. Малдарын ит-құстан сақтап қорғау үшін ауылдың қотаны тұрактармен яки жартылай жер үйлермен, немесе киіз үйлермен дөнгелене қоршалған, арқанмен оралып байланыстырылған. Баспананың ішінде металл балқытатын тас пеш те, көрік те, ұстахана да орнатылған. Шаруа-кәсіпке ыңғайлы, орайлы, тезек төселген жабық құрылым-жайлар, қоралар салынған. Және де құрылым техникасын жүргізгенде тамбур, интерьер (үйдің не бөлменің ішкі кіреберіс көрінісі), баспалдақ болған. Елді мекеннің шетінде, төбенің басында гранит плиталарынан құрастырылған рулық қауымдастықтың сыйыну, табыну рәсімдерін өткізетін құрылым болған.

Жана тас (неолит) дәуірінде мал шаруашылығы, атты қолға үйрету мен міну, қой бағу тәсілдері, отырықшылық, металургия, үй-ішілік жиһаз-бұйым туындау өнері өркен жайған. Ірі және ұсақ қара малдарды құрмалдыққа шалу көрініс тапқан. Ерте қола дәуірінде тіпті итті де пайдаланған. Кейінгі

қола дәуірінде жерлеу кешендерінде қой, жылқы, түйе, жеткіншектер дүниеден озса қозы мен бота, бір дорба асықпен бірге жер қойнына тапсыру ғұрпы болған-ды.

Қола дәуірінде бие сүтін пайдаланған. Шеген дейтін қышқыл да болған. Қымыз құйылған торсықты бұзылмау үшін шұңқыр қазып орналастырған. Қола дәуірінде дала тайпаларының ортасында байсалды әлеуметтік қатынастар қалыптасты: қоғамдық малды бағу мен сақтау, кен орындарын іздең табу мен шеберлікпен пайдалану, өндіріс саласындағы материалдық иғіліктерді өндіруші ерлердің мәртебесі айқындалып, әке тұлғасының айбарланып, патриарх, ақсақал дәрежесіне көтерілуі, патша қорғандары мен сақ көсемдерінің қорғандарының болуы. Мұның негізінде ата-бабалар рухының асқақтап жоғарылауы, религиялық ұғым-түсініктердің, табынушылықтың Орталық Қазақстанның тайпаларында әр түрлі деңгейде нақтылы көрініс табуы: табиғат күштерін дәріптеп әсірелеу, Күннің шығуын ардақтау, биік те айбарлы менгирлер (үш-төрт метрлік өрнекті суреттермен әшекейленген тас стеллалар) мен ғаламат жерлеу кешендерін тұрғызу, тасаттыққа шалған хайуанаттардың бастарын көкке қарату, аспан шырақтарына және отқа сыйыну, найзагай түскен жерді қасиетті деп тану. Академик Ә.Х.Марғұлан неолит, экеолит дәуірлеріндегі менгирлерді төрт топқа саралайды да, сабақтасып жалғасуын, саяжолдарын (аллеясын) тапқырлықпен анықтап, сипат-ерекшеліктерін көрсетеді, келісті сөйлемеді: Қорғантас, Қанаттас, Қалақтас, Қалпақтас, Қойтас, Қалыптас, Самалатас, Сымтас, Серектас, Шақпақтас, Бағанатас, Қазтас. Бұлардың ішінде жекеленгендер бар: Сымтас, Серектас, Қалыптас, Бағанатас, Қызтас. Мінеки, көркемдік көзқарастан, терең танымнан туындаған шынайы суретті атаулар. Қойтастардың дене мүшелерінің шынайылығына, нақтылығына, көркемдігіне айрықша көзқарас танытады. Сондай-ақ жылқының басының құрылымы мен геометриялығына зейін аударады. Түйенің басы, өркеші, аюдың тұр-тұлғасы да айқын бедерленген.

Ғұн қорғандарының, ежелгі құрылымы техникасы мен өнерінің архитектуралық шешімі, жаңа идеяларға, шеберлік өрнектерге байлығы, кемел де келісті геометриялық өрнектілік пен мәнерлілік, күрделі сюжеттер мен қисынды композиция, ою-өрнек өнеріндегі тапқырлық, әшекейлі жәдігерлер (алқа, сақина, көзді білезік, шолпы, қазан, ыдыс, аяқ-табақ, сауыт, көзе-құмыра, масақты қола жебе, тас үтік) қандай керемет, әсерлі, көркем! Мыңжылдықтардың көзіндей сан сипатты ескерткіштерде Орталық Қазақстандағы саналы саңлақ қауымның табиғат пен қоғамға деген даналық пен көркемдік көзқарасы, рухани болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырым-нанымы толық бейнеленген.

Асылы, отантанушы, өнертанушы, географ Ә.Х.Марғұланның «Орталық Қазақстандағы Бегазы – Дәндібай мәдениеті» дейтін бірегей монографиясы – Орталық Қазақстанның археологиясын, тарихын, мәдениетін, өнерін, шаруа-кәсібін, этнографиясын, металлургиясын ерен білімпаздықпен, көріпкелдікпен толғаған деректанулық мән-мағынасы, жалпыадамзаттық құндылықтары өлшеусіз қымбат дарақ мұра.

Сұлтанмахмұттанушы Дихан Әбілевтің:
Шежіреміз еді ғой сарқылмайтын,
Көне күнді жаңартып алтындастын – деуі, Ұлы Дағаның құпиясына үңілген
сұңғыла, ілім-білімі телегей, ақыл-оый ормандай көсемдер тобының алыбы
Әлкей Марғұланның ғылыми-шығармашылық, қаһармандық ұлы еңбегіне
берілген лайықты әділ баға.

Серік Негимов,
Қазақстанның еңбек сінірген
қайраткері, Халықаралық «Алаш»